

Арқалық  
14 сәуір  
2017 жыл



ТӨЛЕГЕНОВ ОҚУЛАРЫ 2017 ТУЛЕГЕНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Арқалық  
14 апрель  
2017 год




Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
ЫАлтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты  
Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Аркалыкский государственный педагогический институт им. И.Алтынсарина

ҚАЗІРП ЗАМАНГЫ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-  
ҒЫЛЫМИ БІЛІМ БЕРУ:  
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ



СОВРЕМЕННОЕ ЕСТЕСТВЕННО-  
НАУЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Аркалынский государственный педагогический институт им. И.Алтынсарина



**«ТӨЛЕГЕНОВ ОҚУЛАРЫ»  
«ҚАЗИРГІ ЗАМАНҒЫ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ҒЫЛЫМИ БІЛІМ БЕРУ:  
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ»  
тақырыбындағы республиканың ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

*14 сәуір 2017 ж.*

**«ТУЛЕГЕНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»  
МАТЕРИАЛЫ  
республиканской научно-практической конференции  
«СОВРЕМЕННОЕ ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**

*14 апреля 2017 г.*

Арқалық каласы

**ОӘЖ 378  
КБЖ 74.58  
К14**

**Бас редакторы / Главный редактор: Куанышбаев С.Б. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ  
ректоры, г.ғ.д., профессор**

**Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора: Мусабекова Г.А.-  
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, ғылыми жұмыстар жөнө халықаралық байланыстар  
жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты**

**Редакция алқасы / Редакционная коллегия:**

к.ф-м.н., доцент, АрқМПИ профессоры Үмбетов Ә.Ү., ф-м.ғ.к., ҚарМУ доценті Орумбаева Н.Т.  
(Е.А. Бекетов атындағы ҚарМУ), п.ғ.к., доцент Шаяхметова Б.К. (Е.А. Бекетов атындағы ҚарМУ),  
к.ф-м.н., доцент Маханов К.М. (Е.А. Бекетов атындағы ҚарМУ), PhD-доктор, ядролық физика  
кафедрасының аға оқытушысы Усенюп А.Б. (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ), жаратылмагистрі,  
ага оқытушы Жумабасева С.Б., жаратылмагистрі, аға оқытушы Абдрахманова М.Т., жаратылмагистрі,  
ага оқытушы Сабитбекова Г.С., пед.ғыл.магистрі, аға оқытушы Джакетова С.Д., пед.ғыл.магистрі,  
оқытушы Успанова В.Ж., пед.ғыл.магистрі, оқытушы Каримова Д.М., пед.ғыл.магистрі, оқытушы  
Сокабаева А.Ш.

**Басылымға жауапты / Ответственные за выпуск:**

к.ф-м.н., доцент, АрқМПИ профессоры Үмбетов Ә.Ү., магистр, аға оқытушы Жумабасева С.Б.,  
техникалық редактор Амирбеков О.А.

**К14 «Казіргі заманғы жаратылыстану-ғылыми білім беру: мәселелері және даму болашағы»  
такырыбындағы респуб. ғыл.-тәжіриб. конф. материалдары (14 соуір 2017 ж) - «Современное  
естественно-научное образование: проблемы и перспективы развития» (14 апреля 2017 года);  
матер-лы респуб. науч.-практ. конф. - Арқалық: АрқМПИ, 2017. – 363 б.- қазақша, орысша.**

**ISBN 978-601-7892-54-8**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында қазіргі жаратылыстану-  
ғылыми зерттеулердегі өзекті мәселелер жайлар баяндамалар ұсынылды.

Жинақ материалдарын ғалымдар, мамандар өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында  
пайдалана алады.

В материалах республиканской научно-практической конференции представлены доклады,  
посвященные актуальным проблемам современного естественно-научного исследования.

Опубликованные материалы могут быть использованы в научно-исследовательской и  
практической деятельности учеными, специалистами, и др.

**ISBN 978-601-7892-54-8**

**ОӘЖ 378  
КБЖ 74.58**

©Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық  
мемлекеттік педагогикалық институт

**Мәселе сұрақ: комбинаторика шынайы өмірде көмектесе алады ма?**

**Комбинаториканың қолданыс аялары:**

Әскери іс (бөлімшелердің орналасуы), криптография (сандай әдістерін әзірлеу), оку орындары (құрастырылған кестелер), лингвистика (эріттер комбинацияларының нұсқаларын қарастыру), қоғамдық тағамдану саласы (мәзірді құру), экономика (акциялардың сату-сатып алу нұсқаларының талдауы) құмар ойындар (жекіс жиіліктерінің есебі), поштаниң жеткізілімі (қайтажіберу нұсқаларын қарастыру), география (карталардың ашылуы), спорттық жарыстар (күткендердің бірнеше алкаптарда орналасуы), биология (ДНК кодының ашылуы), химия (химиялық элементтер арасындағы мүмкін болған байланыстар талдауы) [4].

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Л.А. Данченок, П.Ю. Невоструев. Смарт-обучение: основные принципы организации учебного процесса. // Открытое образование, 1-2014, стр. 70-74.
2. Бектаев К., Құтималдылықтар теориясы және математикалық статистика. – Алматы: Рауан, 1991 ж.
3. Матақаева Ф., Құтималдылықтар теориясына арналған есептерді шешу. – Алматы: Қазак, 1991 ж.
4. Нұрсултанова Г., Математиканы терендептіп оқытатын мектептер үшін «Комбинаторика элементтері» // Математика және физика 2004, №4, 8-10 беттер.

## **КӘСПОРЫНДАР САЛУҒА ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА КЕТЕТИН ШЫГЫНДАРДЫ АЗАЙТУ ЖОЛДАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ**

*Берденова Г.Ж., магистр  
КГУ им. А.Байтурсынова  
Костанай, Казахстан*

**Аннотация.** В статье рассматривается математическая модель динамического программирования для минимизации затрат на строительство предприятий. Задана потребность в пользующемся спросом продукте на определенной территории, известны пункты, где можно построить предприятия, подсчитаны затраты на строительство и эксплуатацию таких предприятий.

**Ключевые слова:** динамическое программирование, математическая модель, оптимальное решение.

**Annotation.** The article deals with the mathematical model of dynamic programming for minimizing the costs of enterprise construction. Given the need for the product in demand on a certain territory, there are known points where it is possible to build enterprises, the costs for the construction and operation of such enterprises.

**Keywords:** dynamic programming, mathematical model, optimal solution.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаңандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты халықта жолдаудағдарысқа қарсы және күрьымдық жаңарулардың бес бағыты көрсетілген. Осы жерде бюджет саясатын онтайландыру жоспарына ерекше мән берілген.

Жалпы экономика мәселесі жеке азamat үшін де, біртұтас ел үшін де өзекті мәселе. Әсіресе қазіргі бәсекелестік заманында қаржы ісі бойынша тиімділік жолдарды таба білу – бірнеше қадамға алда болуды білдіреді. Сол себепті экономикалық процессті оңтайлы ету маңыздылығы ете жоғары.

Динамикалық бағдарламалу – шешім қабылдау мен басқару процесі жеке кезендерге бөлінетін оңтайлы бағдарламалу бөлімдерінің бірі.

Егер даму барысына ықпал етуге мүмкіндік болса, бұл экономикалық процесс басқарылатын болып табылады. Ықпал ету деп процессті дамыту үшін әрбір кезенде қабылданған шешімдердің жиынтығы түсіндіріледі. Мысалы, кәсіпорынның өнім шығаруы – басқарылатын процесс. Жылдың басында қабылданатын кәсіпорынды шикізатпен қамтамасыз ету, жабдықтарды ауыстыру, қаржыландыру және т.б. туралы шешімдер жиыны басқару болып табылады. Өнім шығару жоспарын үйымдастырудың маңызды мәселе - әр түрлі кезендерде қабылданған шешімдер өндіріс немесе пайданың ең жоғары көлемін алуға мүмкіндік беруі керек.

Динамикалық бағдарламалу көп айнымалысы бар бір күрделі мәселені аз айнымалысы бар көптеген мәселелерге келтіруге мүмкіндік береді. Бұл есептей көлемін азайтып, басқарушылық шешім қабылдау процесін анағұрлым тездетеді.

Динамикалық бағдарламалаудың сызықтық бағдарламалаудан айырмашылығы – мұнда симплекс әдісі сияқты әмбебап әдістің болмауында. Динамикалық бағдарламалаудың негізгі әдістерінің бірі америкалық математик ойлан тапқан Р. Беллmannың оңтайлылық принципін пайдалануға негізделетін рекуренттік қатынастар әдісі болып табылады. Мұның принципі мынада: кез келген кезендеңі бастапқы жағдай және осы кезендеңі тандалған басқару қандай болса да, келесі басқарулар осы кезенің сонында келетін жағдай үшін оңтайлы болатындей тандалуы керек. Осы принципті пайдалану кез-келген кезендеңі тандалған басқару жалпы процесс үшін тиімді боларына кепіл береді.

Динамикалық бағдарламау әдісімен шешілетін кейір тапсырмаларда басқару процесі кезендерге бөлінеді. Кәсіпорын ресурстарын бірнеше жылға белгендеге кезең деп уақыт аралығын алады; кәсіпорындар арасындағы каражатты белгендеге кезекті кәсіпорынның саны алынады.

Басқа тапсырмаларда кезендерге бөлу жасанды түрде жүзеге асады. Мысалы, үздіксіз басқарылатын процессті шартты түрде уақыт аралыктарына бөліп, дискретті түрде қарастыруға болады. Әрбір нақты тапсырма шарттарының негізінде кезенің ұзындығын келесі принциппен тандайды: әр кезенде қарапайым оңтайлы тапсырма алу және есептеулердің дәлдігін қамтамасыз ету.

Белгілі бір территориядағы сұраныска ие өнімге қажеттілік туды делік. Осы өнімді шығаратын кәсіпорындар құруға қажетті пункттер белгілі болсын. Осындаі кәсіпорынды құру және іске асystруға жұмысалатын шығындарды есептеу керек.

Кәсіпорындардың құрылышына және олардың жұмысына жұмысалатын шығындар аз болатындей орналастыруқажет.

Белгілер енгізейік:

$x$  –  $P$  түрлі тәсілмен қолданылатын үлестірілетін ресурстар саны;

$x_i$  –  $i$  тәсілмен қолданылатын ресурстар саны ( $i = \overline{1, n}$ );

$f_i(x_i)$  – шығындар функциясы, мысалы,  $x_i$  ресурсты  $i$  тәсілмен қолдануда өндіріске кететін шығындар құнына тең;

$\alpha_k(x)$  –  $x$  ресурсты алғашқы  $k$  тәсілмен қолдану үшін кететін ең аз шығын.  $x$  ресурсты игеру кезінде барлық тәсілдермен ортақ шығын қолемін азайту қажет:

$$\alpha_n(x) = \min \sum_{i=1}^n f_i(x_i)$$

Шектеулер болған жағдайда

$$\begin{aligned} \sum_{i=1}^n x_i &= x, \\ x_i &\geq 0, \quad i = \overline{1, n}. \end{aligned}$$

$x_i$  айнымалысының экономикалық мәні  $i$ -нші пункттегі құрылым үшін ұсынылған кәсіпорын санын табуда болып табылады. Есептеу ыңғайлыш болу үшін бірдей қуатты кәсіпорындар құру жоспарланады делик.

Костанай облысында аграрлық шаруашылық жақсы дамығандықтан, біз өз жұмысымызда ғылыми тәжірибе объектісі ретінде нан зауыттарын тиімді орналастыру жолдарын қарастырдык.

Кәсіпкер қаланың үш ауданында сұраныска ие нан-тоқаш өнімдерін өндіру үшін қуаттылығы бірдей бес кәсіпорын салуды жоспарлап отыр. Олардың құрылымы мен жұмыс істеуі ең тәменгі жалпы құнын қамтамасыз ететіндей кәсіпорындарды орналастыру қажет. Шығындар функциясының  $f_i(x)$  шамалары 1 кестеде көрсетілген.

Kestе 1

$x$	$I$	$2$	$3$	$4$	$5$
$f_1(x)$	13	20	37	53	78
$f_2(x)$	12	21	36	55	77
$f_3(x)$	11	22	38	56	76

Мұндағы  $f_i(x)$  —  $i$  ауданда орналастырылған кәсіпорын санына байланысты құрылым және пайдалану шығындарын шамасын миллион теңге қолемінде сипаттайты;  $\alpha_k(x)$  — бірінші  $k$  аудандардағы кәсіпорындардың құрылымы мен жұмыс істеуіне енгізу қажетмиллион тенгелік шығындардың ең тәменгі шығын мөлшері.

Шешуі. Есептің шешімін рекуренттік қатынасты қолдану арқылы шығарамыз:

бірінші аудан үшін:  $\alpha_1(x)=\min f_i(x_i)=f_1(x)$ ,

калған аудандар үшін:  $\alpha_k(x)=\min \{f_k(x_k)+\alpha_{k-1}(x-x_k)\}, k=\overline{2, n}$ .

Есепті үш кезең бойынша шығарамыз.

**I кезең.** Егер кәсіпорындарды бірінші аудандаған тұрғызыса, онда

$$\alpha_1(1)=f_1(1)=13,$$

$$\alpha_1(2)=f_1(2)=20,$$

$$\alpha_1(3)=f_1(3)=37,$$

$$\alpha_1(4)=f_1(4)=53,$$

$$\alpha_1(5)=f_1(5)=78,$$

$x=5$  болғандағы ең тәменгі шығын мөлшері 78 млн теңгеге тең.

**2 кезең.** Тек алғашқы екі ауданның кәсіпорындарын орналастыру кезіндегі оңтайлы стратегияны келесі формула бойынша анықтайық,

$$\alpha_2(x) = \min\{f_2(x_2) + \alpha_1(x - x_2)\},$$

$\alpha_2(1)$ -ді табайық:

$$f_2(1) + \alpha_1(0) = 12 + 0 = 12,$$

$$f_2(0) + \alpha_1(1) = 0 + 13 = 13,$$

$$\alpha_2(1) = \min(12, 13) = 12.$$

$\alpha_2(2)$ -ді есептейміз:

$$f_2(2) + \alpha_1(0) = 21 + 0 = 21,$$

$$f_2(1) + \alpha_1(1) = 12 + 13 = 25,$$

$$f_2(0) + \alpha_1(2) = 0 + 20 = 20,$$

$$\alpha_2(2) = \min(21, 25, 20) = 20.$$

$\alpha_2(3)$ -ді табамыз:

$$f_2(3) + \alpha_1(0) = 36 + 0 = 36,$$

$$f_2(2) + \alpha_1(1) = 21 + 13 = 34,$$

$$f_2(1) + \alpha_1(2) = 12 + 20 = 32,$$

$$f_2(0) + \alpha_1(3) = 0 + 37 = 37,$$

$$\alpha_2(3) = \min(36, 34, 32, 37) = 32.$$

$\alpha_2(4)$ -ді анықтаймыз:

$$f_2(4) + \alpha_1(0) = 55 + 0 = 55,$$

$$f_2(3) + \alpha_1(1) = 36 + 13 = 49,$$

$$f_2(2) + \alpha_1(2) = 21 + 20 = 41,$$

$$f_2(1) + \alpha_1(3) = 12 + 37 = 49,$$

$$f_2(0) + \alpha_1(4) = 0 + 53 = 53,$$

$$\alpha_2(4) = \min(55, 49, 41, 49, 53) = 41.$$

$\alpha_2(5)$ -ді есептейміз:

$$f_2(5) + \alpha_1(0) = 77 + 0 = 77,$$

$$f_2(4) + \alpha_1(1) = 55 + 13 = 68,$$

$$f_2(3) + \alpha_1(2) = 36 + 20 = 56,$$

$$f_2(2) + \alpha_1(3) = 21 + 37 = 58,$$

$$f_2(1) + \alpha_1(4) = 12 + 53 = 65,$$

$$f_2(0) + \alpha_1(5) = 0 + 78 = 78,$$

$$\alpha_2(5) = \min(77, 68, 56, 58, 65, 78) = 56.$$

$x=5$  болғандағы ең төменгі шығын мөлшері 56 млн теңгені құрайды.

**3 кезең.** Бес кәсіпорынды үш ауданда орналастыру кезіндегі оңтайлы стратегияны келесі формула бойынша анықтайық,

$$\alpha_3(x) = \min\{f_3(x_3) + \alpha_2(x - x_3)\}.$$

$\alpha_3(5)$ -ді табамыз:

$$f_3(5) + \alpha_2(0) = 76 + 0 = 76,$$

$$f_3(4) + \alpha_2(1) = 56 + 12 = 68,$$

$$f_3(3) + \alpha_2(2) = 38 + 20 = 58,$$

$$f_3(2) + \alpha_2(3) = 22 + 32 = 54,$$

$$f_3(1) + \alpha_2(4) = 11 + 41 = 52,$$

$$f_3(0) + \alpha_2(5) = 0 + 56 = 56,$$

$$\alpha_3(5) = \min(76, 68, 58, 54, 52, 56) = 52.$$

$x=5$  болғандағы ең төменгі шығын мөлшері 52 млн теңгени құрайды.

Кәсіпорындардың құрылым шығындары 1-ден 3-ші кезеңге дейін анықталды. 3-ші кезең бойынша алынған 52 млн теңгелік ең төменгі шығын мөлшері 11+41 ретінде анықталды, яғни 11 млн теңге 3-ші аудандағы бір кәсіпорынның құрылым шығынына сәйкес келеді (*Кесте 1бойынша*). 2-ші кезеңге сәйкес 41 млн теңге 21+20 түрінде алынған, яғни 21 млн теңге 2-ші ауданда 2 кәсіпорынның салуға кетеді. 1-ші кезеңдегі 20 млн теңге 1-ші ауданда 2 кәсіпорынды салуға жұмсалады.

Яғни, оңтайлы стратегия 3-ші ауданның бір кәсіпорын, бірінші және екінші ауданның екі кәсіпорынның салудан тұрады, құрылым пен пайдаланудың ең төменгі құны 52 млн теңгени құрайтын болады.

Бұл мақалада динамикалық бағдарламалау әдісін модельдеу процесінің жалпы сипаттамасы ұсынылды. Қазіргі кездегі инфляцияның жоғары деңгейіне байланысты кәсіпорын құрылымына жұмсалатын шығындарды белгілі бір қалыпқа келтіру, сондай-ақ пайданың ұлғаюына ықпал ететін өндіріс куралдарына бағаның өсуін барынша азайтуды қарастыру керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқының жолдауы. 2015 жылғы 30 караша
2. М.С. Красн, Б.П. Чупринов «Основы математики и ее приложения в экономическом образовании». Издательство «Дело» Москва 2002.
3. Капельян С.Р., Левкович О.А. Основы комерческих и финансовых расчетов. РТЦ АПИ Минск, 1999.

## **МӘТИНДІ ЕСЕПТЕРДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Қосанов Б.Қ., п.ғ.к., доцент  
магистрант Бирмаганбетов С.А.  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
Алматы, Қазақстан**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются проблемы профессиональной подготовки будущих учителей технологии и предпринимательства. Автор раскрывает основные моменты этой подготовки в соответствии с требованиями сегодняшнего дня. Изучение материалов математики развивает личные качества ученика, его работоспособность и привычки.

**Ключевые слова:** арифметика, математика

**Abstract.** In given to article it is considered problems of vocational training of the future teachers of technology and business. The author opens high lights of this preparation according to requirements of today. Learning the materials of mathematics develops personal qualities and efficiency of student.

Математиканы оқып-үйрену барысында бізге, әдетте, тапсырмалардың әр алуан түрлерін орындауға тұра келеді. Жалпы алғанда, оқушылар мысалдар және мәтінді есептер деп аталатын математикалық мазмұнды тапсырмаларды орындаумен жиі істес болады. Айталық,  $98:(6+8)*8$  түріндегі тапсырманы алайық. Ол мысал деп аталауды және онда қандай арифметикалық амалдарды